



**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі**

***«Кітапхананың виртуалды
кеңістіктегі тәжірибесі: сайттар,
әлеуметтік желілер»
(тәжірибелік кәсіби кеңес)***



Арқалық қаласы, 2024 жыл



*Біздің ресурсымыз
бен қызметіміз
– сіздің біліміңізді
жетілдіреді.*

**ӘОЖ 02
КБЖ 78.3
К 97**

**Құраст., компют. терген: Абжанова Ж.К
Жауапты ред.: Абжанова Ж.К**

**Құрастырушы: Абжанова Ж.К
Шығарылымға жауапты: С.А. Алматова
Мұқабаны безендірген: Ж.К. Абжанова
Редактор: Ж.К. Абжанова**

...«Кітапхананың виртуалды кеңістіктегі тәжірибесі: сайттар, әлеуметтік желілер» [Мәтін] : [тәжірибелік кәсіби кеңес] : жинақ / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, әдістеме-библиография бөлімі ; [құраст.; Ж.К. Абжанова ; шығарылымға жауапты С.А. Алматова] . – Арқалық : [б.б.] , 2024. – 24 б. : сурет. – қазақ тілінде.

...Әдістеме-библиография бөлімі тәжірибелі кәсіби кеңес жинақтарын құрастырып шығарды. Бұл жинаққа кітапхана қызметкерлерінің кәсіби кеңесте оқыған баяндамалары жинақталды.

**ӘОЖ 02
КБЖ 78.3
Абжанова Ж.К**

Бекітемін
«Арқалық қаласындағы № 2 ОӘҒК» КММ
басшысы _____ С.А. Алматова
«__» _____ 20__ ж.

Кеңес тақырыбы: «Кітапхананың виртуалды кеңістіктегі тәжірибесі:
сайттар, әлеуметтік желілер»

Бағдарламасы

Өткізілетін орны: «Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ

Оқу залы. 3 қабат

Өткізілетін уақыты: 28.11.2024 ж. сағ: 10:00

Модератор: «Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ басшысы Алматова Сәуле Ахметқызы

№	Уақыты	Тақырыбы	Жауапты
1.	10.00-10.15	Тәжірибелік кәсіби кеңестің ашылуы	«Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ басшысы Алматова Сауле Ахметовна
2.	10.15-10.30	«Кітапхана әлеуметтік желіде»	Әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі Абжанова Жұлдыз Касимбековна
3.	10.30-10.45	«Ақпаратты әлеуметтік желіде ұсынудың заманауи тәсілдері және оларды қолданудың мүмкіндіктерін зерттеу»	Оқу залының кітапханашысы Әмірхан Гүлзат Арманқызы
4.	10.45-11.00	«Сайт және әлеуметтік желілер»	Ақпарат-сервис секторының кітапханашысы Алмат Индира Еліпбайқызы
5.	11.00-11.15	Қорытындылау	

«Кітапхана әлеуметтік желіде»

Әдістеме-библиография бөлімінің меңгерушісі

Абжанова Жулдыз Касимбековна

Ақпараттық нарықта Интернеттің қарыштап тұрған уақытында кітапханашыларға кәсіби тұрғыда өз жұмысын ұйымдастыра білу маңызды. Жан-жақты іздену, оқу, өзгелерден үйрену, кәсіби веб-сайттарға назар аударып отыру, кәсіби жетілуге септесері анық.

Кітапхананың ең басты міндеттерінің бірі – оқырмандардың оқуға құштарлығын арттыру арқылы мемлекетімізде кітап оқудың беделін көтеру, жас ұрпақты оқуға тарту және төлтума мәдениетімізді сақтап қалу мақсатында кітап пен оқуды кеңінен насихаттап, желіден жүйелі және беделді білім алуға оқырмандарды тарту мақсатында сайтта ұсынылатын қажетті ақпараттар бағдарламалар мен конкурстарды жариялап, конференция, семинарлардың материалдарын және виртуалды анықтама, (ҚЭЖ) құжаттарды электронды жеткізу қызметтері ұсынылып, жұмыс атқарылуда.

Құжаттарды электронды жеткізу дегеніміз не?

Бүгінгі таңда интернеттің көмегімен байланыс саны артып келеді. Көптеген іс-шаралар интерактивті виртуалды ортасыз, оның үлкен мүмкіндіктерінсіз ұсынылмайды. Кітапханалар Интернеттің телекоммуникациялық кеңістігіне сенімді түрде кірді. Кітапхана жұмысының тәжірибесіне енгізілетін заманауи электронды технологиялардың бірі-құжаттарды электронды түрде жеткізу. Құжаттарды электронды жеткізу -бұл құжаттардың электронды көшірмелерін көшіру және жеткізу, анықтамалық-библиографиялық іздеу және кеңес беру қызметтері. Құжаттарды электронды жеткізу ақпараттық ресурстарды іздеуді жүзеге асырады, пайдаланушыларға құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынады, сондай-ақ кітапхана қорларынан материалдарды сканерлейді.

Құжаттарды электронды жеткізу біріншіден, цифрланған құжаттарды онлайн түрде беруге мүмкіндік береді, яғни кітапхана пайдаланушыларына жылдам әрі сапалы қызмет көрсетеді. Екіншіден, абонентке(жазылушыға) электрондық көшірме беру – бұл бастапқы дереккөзді жіберудің баламалы шешімі, бұл кітапхана қорының сақталуына оң әсерін тигізеді. Үшіншіден, құжаттарды электронды жеткізу әртүрлі кітапханалардың ақпараттық



ресурстарын өзара пайдалануға мүмкіндік береді. Енді бір кітапхананың қорында құжаттың болмауы пайдаланушының бас тартуына себеп емес. Барлығымыз білеміз, құжаттарды электронды жеткізу қызметін пайдаланып жүрміз. Егер оқырман біздің кітапханамыздан қажетті ақпаратты таппаған болса, кітапханашыға жүгіне алады, кітапханашы оқырманға Қостанай қаласындағы Л.Н.Толстой атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы құжаттарды электрондық жеткізу қызметіне сұрау салуға көмектеседі. Тапсырысты рәсімдеуге және келесі тәсілдермен жіберуге болады:

1. Электронды пошта арқылы ark.avt@mail.ru белгіленген тапсырыс ақпараттық-сервистік қызмет көрсету секторында келесі материалдар тапсырыс үшін қол жетімді болуы мүмкін:

- Жинақтар мен мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалар;
- Кітаптардың фрагменттері (оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар, анықтамалықтар және т.б.);

Құжатты электронды жеткізуге арналған тапсырыс бланкі толтыру үлгісі: тапсырыс берушінің аты-жөні, Мекенжайы, эл.пошта паролы, байланыс телефоны, құжат (кітап немесе мақала) туралы мәлімет, мақала немесе кітаптың авторы, шыққаны туралы мәліметтер: сұраныста мақала болса журналдың атауы, жылы және нөмірі. Кітап үшін - басылымның шыққан жері және жылы беті жазылады.

Құжаттарды электронды жеткізу электрондық көшірмелерін тек жеке, ғылыми және білім беру мақсаттары үшін ұсынады. Кітапхана қызметкерлері тапсырысты тауып, өңдейді, тапсырысты сканерлейді және пайдаланушыға электрондық пошта арқылы жібереді. Мысал ретінде ҚЭЖ қызметі жұмыс істейтін сайттарды келтіруге болады:

ҚР Ұлттық кітапханасы,

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы,

ОӘФК Л.Н. Толстой атындағы облыстық кітапханасы және біздің кітапхана қорынан құжаттардың электрондық көшірмелерін жеткізуде. Л.Н. Толстой кітапханасы құжаттардың көшірмелерін беру ережелеріне сәйкес тегін: мерзімді басылымдардағы мақалалардың мәтіндері толығымен жіберіледі, ал алдымен мазмұны кітаптардан, содан кейін кітап көлемінің 1/3 бөлігі ғана жіберіледі. Тапсырысты орындау мерзімі кітапхана қорынан 2 немесе 5 жұмыс күніне дейін.

Соңғы жылдардағы үрдістердің бәрі кәсіби кітапханалық қызметтің көптеген түрлерін желілік ортаға көшіру. Қазіргі уақытта қолданушыларға қызмет көрсету интернетте дамып келеді.

Біздің кітапхананың ресми сайтында <http://arkalyk-ounb2.kz> кітапхананың дәстүрлі және электронды анықтамалық аппаратын пайдалану арқылы пайдаланушылардың сұраныстарын орындауға бағытталған «Виртуалды анықтама» виртуалды анықтамалық қызметі жұмыс жасайды.

Виртуалды анықтама қызметі – бұл пайдаланушылар кітапханаға қатыспай-ақ кітапханашылармен қарым-қатынас жасау үшін компьютерді және түрлі интернет-технологияларды пайдаланған кезде көбінесе нақты

уақыт режимінде электронды байланыс құралдары арқылы жүргізілетін анықтамалық қызмет.

Виртуалды анықтама қызметінің мақсаты – оқырмандарға қашықтан қол жеткізу режимінде сұрау бойынша ақпарат алуға, жаңа пайдаланушыларды тартуға, сондай-ақ кітапхананың ресурстары мен қызметтерін жарнамалауға көмектесу.

Виртуалды анықтамалық-ақпарат қызмет көрсету-білім мен ақпаратқа жалпыға бірдей қол жеткізуді қамтамасыз етумен тікелей байланысты неғұрлым серпінді дамып келе жатқан, перспективалы бағыттардың бірі.

Кітапханада «Виртуалды анықтама» анықтамалық қызметі 2018 жылдан бастап жұмыс жасап келеді. Біз барлық пайдаланушылардың сұраныстарына, олар кітапхана пайдаланушысы ма, жоқ па, тегін жауап береміз. Анықтамалардың барлық түрлері орындалады: тақырыптық, фактографиялық, мекен-жай және нақтылау. Оларды жүзеге асырудың негізгі-кітапхананың ақпараттық ресурстары мен Интернет ресурстары. Анықтама келіп түсу ретімен жауап беріледі. Сұрауды орындау мерзімі күрделілігіне байланысты 3 жұмыс күніне дейін орындау қажет. Кітапхананың құзіретінен тыс, сондай-ақ заңдар мен нормативтік актілерді түсіндіру және түсіндірумен, оқыту сипатындағы ақпаратты ұсыну қажеттілігімен (математикалық, физикалық, химиялық және өзге де міндеттерді шешу, мәтіндік жұмыстар-рефераттар, курстық, дипломдық және т.б. жазу, мәтіндерді аудару) байланысты сұраулар орындалмайды.

Оқырмандарды қызықтыратын сұраққа жауап алу үшін бірнеше қарапайым ережелерді сақтау керек:

Ұсынылған нысанды толтырып, басты бетте тіркелу қажет <http://arkalyk-ounb2.kz/ru/virtualnaya-spravka.html>

Сұрақтарды мемлекеттік тілде де, орыс тілінде де қоюға болады;

Виртуалды анықтамаға бір келуші күніне бір ғана сұрау сала алады, бір ай ішінде үштен аспайды;

Анонимді сұрақтар, ойын-сауық сипатындағы сұрақтар

(сөзжұмбақтар, викториналар, конкурстар және т.б.), сондай-ақ

сатып алу-сатуға байланысты хабарламалар жарнамамен қаралмайды.

«Жіберу» батырмасын бір рет басу; қажет.

Оқырман төменде көрсетілген ақпаратты ала алады:

Кітапхана қорында белгілі бір басылымның болуы; мысалы (кітап, электрондық ресурс, журнал, газет)

Құжаттың библиографиялық сипаттамасының элементтерін нақтылау-атауы, авторы, шыққан жылы және т.б. нақты фактографиялық ақпаратты анықтау;

Терминнің мағынасы;

Аббревиатураның толық жазылуы; нақты ұғымдарды, фактілерді, адамдарды және т.б. нақтылау;

Сұраныстар жасына, білім деңгейіне және тұрғылықты жеріне қарамастан кітапхананың барлық пайдаланушыларынан қабылданады.

Қызметкерлер дұрыс емес сұрақтар мен репликаларды жою құқығын өздеріне қалдырады.

Кітапханамыздың виртуалды анықтамалық қызметі пайдаланушылардың регламенттелген сұрақтар санын жинау және кітапхана сайтында жауаптарды жариялау арқылы Интернет – технологияларды пайдалана отырып, пайдаланушыларға анықтамалық-библиографиялық қызмет көрсете алады.

Жасыратыны жоқ, қазір жасөспірімдердің көбі гаджетке тәуелді. Осы заманда оларды кітапханаға қалай шақырамыз? Әрине әлеуметтік желі арқылы. Қызықты контент түсіріп, заманауи жолмен оқырмандарды молайтуды қолға алу арқылы. Біздің ендігі мақсатымыз TikTok, instagram әлеуметтік желілер арқылы оқырмандар тартып, келешекте кітапқа деген зейінін ашу.

Қорытындылай келе, әлеуметтік желілерде әдістеме-библиография бөлімінде жыл сайын өлкеге қатысты деректер жинап, өлкеміздің ақын-жазушыларына, қоғам қайраткерлеріне арналған ақпараттық шолулар, конференция, аймақтық зерделі кеңестердің жинақтары және «Арқалық қаласындағы атаулы күндер күнтізбесі», «Әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші», «мультимедиялық басылымдар» т.б. библиографиялық жұмыстарды сайттар арқылы ақпараттар әлеуметтік желіде жариялануда.

Сайттың мақсат-мүддесі еліміздің түкпір-түкпіріндегі әріптестеріміздің басын біріктіру, қоғамда кітапханашылар беделін көтеру, кітапхана ісін дамыту болмақ.

Назарларыңызға рахмет!



«Ақпаратты әлеуметтік желіде ұсынудың заманауи тәсілдері

және оларды қолданудың мүмкіндіктерін зерттеу»

Оқу залының кітапханашысы

Әмірхан Гүлзат Арманқызы

gulzat.amirhan@mail.ru



Андатпа

Мақалада шетелдік және орыс авторларының зерттеулерін талдау негізінде кітапханадағы ақпараттарды әлеуметтік желіде ұсыну туралы теориялық ақпарат құрылымдалған. Мақаланы жазу барысында ақпаратты оқырмандарға ұсынудың заманауи үрдістері, оны қолданудың мүмкіндіктері сияқты ұғымдарға теориялық сипаттамалар беріліп, векторлық

графикалық бағдарламалардың түрлері мен бейнематериал жасауға арналған бағдарламаларға жеке талдау жасалынды.

Аннотация

В статье структурирована теоретическая информация о представлении информации в библиотеке в социальной сети на основе анализа исследований зарубежных и российских авторов. В ходе написания статьи были даны теоретические описания таких понятий, как современные тенденции представления информации читателям, возможности ее применения, проведен индивидуальный анализ типов программ векторной графики и видеопрограмм.

Annotation

The article structures theoretical information about the presentation of information in the library on a social network based on the analysis of research by foreign and Russian authors. During the writing of the article, theoretical descriptions of such concepts as modern trends in presenting information to readers, the possibilities of

its application were given, and an individual analysis of the types of vector graphics and video programs was carried out.

Түйін сөздер: кітапхана, көрнекілік, ақпаратты визуализациялау, мобильді қосымша, заманауи үрдістер, жасанды интеллект, флипбук.

Ключевые слова: библиотека, визуализация, визуализация информации, мобильное приложение, современные тенденции, искусственный интеллект, флипбук.

Keywords: library, visualization, information visualization, interactive and dynamic visualization, mobile application, modern trends, artificial intelligence, flipbook.

Кіріспе. Қазіргі таңда ақпарат кеңістігі мен оның мүмкіндігі қандай шексіз болса, оған деген сұраныстың да еселей түскендігі белгілі жағдай [1]. Қазіргі қоғам – бұл шексіз ақпараттардан құралған заманауи орта. Заман талабына сай, ақпаратты технологиялардың дамуы – ақпараттардың мөлшерінің күн санап артуы, басты мәселенің туындауына, яғни ақпаратты өңдеу мен оларды заманауи түрде ұсынудың әдіс-тәсілдерін қажет етеді.

Кез келген қызмет саласының негізгі жүйені құраушы факторы мақсаты болып табылады. Кітапхана қызметінің түпкі мақсаты – оқырмандардың ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.

Бүгінгі таңда кітапхана тек кітаптар мен баспа өнімдерін сақтау орны ғана емес, сонымен қатар ақпараттық ресурстарды тарату және білім беру орталығы ретінде маңызды рөл атқарып келеді. Заманауи технологиялар мен ғаламтордың дамуы кітапханалардың өздерінің қызметін тиімді әрі қолжетімді ету үшін әлеуметтік желілерді белсенді пайдалануды талап етеді. Себебі әлеуметтік желілер кітапханаларға ақпаратты жылдам тарату, жаңа оқырмандарды тарту, түрлі бағдарламалар мен іс-шаралар туралы хабарлау үшін маңызды құралға айналып отыр.

Негізгі бөлім.

Бүгінде оқырманға ақпараттарды сапалы әрі жылдам түрде жобалайтын бағдарламалардың саны күннен күнге арту үстінде. Бұл ретте кітапхана мамандары арасында «ақпаратты жобалау барысында қандай бағдарламаларды қолдану қажет?» деген сұрақтарды жиі естіп жатамыз?

Осы сауал төңірегінде шетелдік жобалаушы дизайнер Рэнди Крам «Мұның бәрі нақты жағдайға байланысты, өйткені әр түрлі жобаларда жобалаушы (дизайнер) жұмыс істейтін деректерді визуализациялау үшін әртүрлі қосымшалар қажет» деген ой-пікірін қалдырған болатын [2, 347 б.].

Көптеген ақпараттарды заманауи түрде жобалау дербес компьютердегі бағдарламалық пакеттер мен мобильді қосымшалардың көмегі арқылы жүзеге асырылады. Бұл қосымшалар деректерді визуализациялауға (көрнекілендіру), логотип кескінін өңдеуге, фотосуретті реттеуге, сондай-ақ ақпаратты жүйелеуге мүмкіндік береді.

Осы төңіректе «визуализация», яғни «көрнекілік» ұғымына талдау жасап көрелік. «Көрнекілік дегеніміз не?» деген сұрақтың жауап беру өте күрделі. Зерттеушілердің көптеген буындары бұл сұрақтың жауабын табу мақсатында көптеген зерттеулер жүргізді. «Көрнекілік дегеніміз не?» деген сұрақтың қысқаша анықтамасын қарастырайық. Көрнекілік ұғымына зерттеу жасап, анықтама берген зерттеушілердің Войтов А.Г. Ол «көрнекілік» ұғымына мынадай анықтама береді: «Көрнекілік – басты мақсат емес, бұл әдіс. Неғұрлым жалпы тәсіл-түсіндірменің (мәтіннің) қол жетімділігі және оны білім алушылардың бірдей қабылдауы. Қол жетімділік те, көріну де ғылымның деңгейіне, жағдайына байланысты». Бұл пікірде зерттеуші ақпараттарды көрнекілендіру заманның өзгеруіне сәйкес дамып, жаңа бағдарламалар мен әдістердің пайда болуына байланысты екендігі туралы баяндайды.

Ұлы ойшыл Конфуцийдің айтқан мынадай нақыл сөзі бар: «Даналықты үйренудің үш әдісі бар. Біріншіден, еліктеу арқылы, бұл ең асылы. Екіншісі қайталау арқылы және бұл ең қарапайымы. Үшінші әдісі ең ащысы тәжірибе арқылы үйрету» [18, 18 б.] деген еді. Осы пікірді тілге тиек ете отырып, сіздермен қазіргі таңда кітапхана саласында қолданып жүрген ақпаратты заманауи бағдарламалардың көмегімен визуализациялау және ақпараттарды жаңаша әдістерді қолдану арқылы ұсынудың тәжірибесімен бөлісуді мақсат етудемін.

Бүгінгі таңда ғаламтор қолданушылары арасында ең кең таралған әрі ақпаратты тегін түрде жобалауға арналған бірқатар бағдарламалар түрі айтарлық көп. Соның бірі «Adobe Illustrator» атты векторлық графикалық бағдарлама. *Векторлық графика* - бұл ақпараттарды көрнекілендірудің ең тиімді құралы болып табылады. Векторлық графика математикалық формулалармен сипатталған қисықтар жиынтығын қолдана отырып, графикалық ақпаратты ұсыну әдісі, бұл кескінді сапасын жоғалтпай өзгертуге мүмкіндік береді.

Adobe Illustrator – бұл қазіргі нарықтағы векторлық графикамен жұмыс жасауға арналған басты бағдарламалардың бірі. Сонымен қатар ең қымбат бағдарлама [2, 351 б.]. Аталмыш қосымша оқырманды қызықтыратын түрлі жарнамалық парақшалар, кітап мұқабасын, кітапқа арналған иллюстрацияларды сызуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ,

бағдарлама дайын шаблондарды «Freerik» қосымшасы арқылы басып алып, оларды түрлендіруге мүмкіндік береді. Бағдарлама әр түрлі өлшемдегі жобаларды жасап, оны кез келген форматта сақтап мүмкіндіктері қарастырылған.

Canva – ыңғайлы интерфейсті және әр түрлі тартымды графиканы құруды жеңілдететін дизайн үлгілерінің жиынтығынан құрылған танымал платформа. Бұл платформа әртүрлі векторлы және анимацияланған презентацияларды, түйіндемелерді, плакаттарды, анимацияланған бейнероликтерді, буклеттер мен брошюраларды жасауға мүмкіндік береді. [5], [6]. Canva платформасының басты артықшылығы – онлайн платформада әр түрлі дайын шаблонды, түсті, өлшемді таңдау арқылы өзіңіздің қалауыңыз бойынша дизайн үлгісін жасауға, векторлық суреттерді анимациялауға болады. Бұл сіздің уақытыңызды үнемдеуге көмек береді. Сондай-ақ, онлайн платформада жобаланған сіздің дизайныңыз автоматты түрде сақталады, оны кез келген уақытта өзгертіп отыруыңызға болады.

Фото шоу Pro – бұл фотосуреттер мен бейне материалдардан презентация жасауға арналған әмбебап бағдарлама [7]. Бағдарламаның артықшылығы суреттерден дайын түрде бейне материал жасауға болатындығында. Сондай ақ, бағдарламада анимациялық элементтерді, дайын шаблондарды, бейне роликтерді қолдану арқылы бес минут ішінде бейнероликті 16:9, 4:3 форматтарында жасауға болады.

Animaker қосымшасы – бұл анимациялық бейнематериалдарды жобалауға арналған бағдарламалық жасақтама [8]. Animaker қосымшасы тегін және ақылы қызметтер көрсетеді. Онлайн бағдарламаға e-mail пошта арқылы тіркелу қажет. Бағдарлама дайын шаблондар арқылы анимациялық видео материал, субтитрлер, кейіпкерлер, презентация жасауға болады. Бағдарламаның артықшылығы видеоға өзіңіз кейіпкер жасау арқылы оны өз дауысыңыз арқылы сөйлетіп, кейіпкердің іс-қимылдарын ауыстыра аласыз. Кемшілігі: видеоның уақыты шектеулі, екі минутты құрайды және видеоны экспорттауға көп уақыт жұмсалады, бір күнде тек видеоны екі рет экспорттауға болады.

Renderforest платформасы – анимацияланған логотиптерді, бейнематериалдарды жобалауға арналған онлайн бағдарлама. Бағдарламаға e-mail пошта арқылы тіркеліп, 9:16, 16:9 форматында бейнематериалды ақысыз түрде, су таңбасымен (водяной знак) жүктеп алуға болады. Бағдарлама бейне көрсетілім, вебсайт, логотиптер мен түрлі мокаптарды жасауға мүмкіндік береді [9].

Ақпараттарды әлеуметтік желіде ұсыну барысында, оқырмандардың ең басты назары сапалы бейне материалға

немесе суретке көзі түседі. Неғұрлым суреттің сапасы жоғары болған сайын, соғырлым әлеуметтік желі қолданушыларын қызықтыратыны анық. Суреттің жоғары сапасын жоғарылатын бірнеше мобильді қосымшалар бар. Соның бірі - *Remini* мобильді қосымшасы.

Remini - ескі және сапасы төмен суреттерді өңдеуге арналған мобильді қосымша. «Play Market» қосымшасы арқылы жүктей аласыз. Күніне үш суретті өңдеуге мүмкін береді.

Ақпараттық кеңістікте дамып келе жатқан жаңа үрдістің бірі - жасанды интеллект жүйесі. Жасанды интеллекттің бірнеше ерекшеліктерін қарастыруға болады. Біріншіден, жасанды интеллект оқырманға кітапхана ақпаратын заманауи түрде ұсынуға, кітапхана мамандарының қызметін автоматтандыру мүмкіндіктеріне жол ашатын құрал. Екіншіден, жасанды интеллект арқылы оқырмандарды қызықтырып қана қоймай, ақпаратты жылдам әрі жеңіл түрде жобалауға болады. Қажетті сұранысыңызды онлайн платформаға мәтін түрінде жазып енгізу арқылы, аз ғана уақыт ішінде өзіңізге қажетті мағлұматтарды (Chatgpt Copilot, Claude AI), презентацияларды (Gamma App платформасы) дайындай аласыз.

Қазіргі таңда елімізде ЖИ жүйесінің қарқындап дамуы, күрделі мағлұматтарды тиімді әрі қызықты түрде ұсынуға арналған бағдарламалардың туындауына жол ашты.

Бүгінде ғаламтор қолданушылары арасында кең таралған жасанды интеллекттің бірі *Bing image create* атты онлайн генератор болып табылады.

Bing image create - сурет жобалауға арналған нейросеть. Онлайн платформамен жұмыс жасау үшін сілтемеге өтіп, тіркелу қажет. Нейросетьтің көмегімен қазақ немесе орыс тілінде жазылған мәтіндерден сурет құрастыруға болады. Платформамен жұмыс жасау тегін. Онлайн бағдарламаға e-mail пошта арқылы тіркелу қажет. [10]

Ақындар мен жазушылар бейнесін «жандандырып», олардың шығармашылығын жаңа қырынан ашып көрсетуге мүмкіндік беретін жасанды интеллекттің бір түрі - *D-id.com қосымшасы* [11]. Бағдарламаға e-mail пошта арқылы тіркеліп, 9:16, 16:9 және 1:1 форматындағы бейнематериалды ақысыз түрде, су таңбасымен (водяной знак) жүктеп алуға болады. Нейросет платформасында кез келген кейіпкерді таңдап, оны мәтін немесе алдын ала жазылған аудио және платформада онлайн дыбыстау арқылы қазақ және басқа тілдерде сөйлетуге болады. Кемшілігі: мәтіннің көлемі он сөзден, ал аудионың көлемі 15 мегабайттан аспауы қажет.

Hailuo AI MiniMax - бейнені мәтін бойынша да, суретті қолдану арқылы бейнеролик жасауға арналған бейне генератор.

Роликтер ұзақтығы 6 секундқа созылады. Бағдарламаға e-mail пошта арқылы тіркеліп, қолдануға болады. Бейнегенераторда бейнематериалды немесе суретті жобалаудың шексіз уақыты қарастырылған [12]. Мысал ретінде, Ы.Алтынсариннің бейнесін жандандыруды қарастырайық. Генератор арқылы суреттен бейнеролик жасаудың жолы келесідей: алдымен «image to video» батырмасын таңдап, сурет тұрған белгінің үстінен басып, кез келген png форматындағы суретті өзіңіздің телефон галереяңыздан жүктейсіз. Бейнені жүктегеннен кейін кейіпкердің қандай іс-әрекетін мәтін арқылы ағылшын тілінде сипаттап жазасыз. Мысал ретінде Ы.Алтынсариннің бейнесін жандандырамыз делік. Мәтінге мұғалім оқушыларға сабақ оқыту үстінде деп жазамыз. Келесі қадам: «generate» батырмасын басып, Ы.Алтынсариннің жандандырылған бейне роликті жобалап шығарамыз.

Hedra - кез келген векторлы немесе расторлы сурет арқылы сөйлейтін анимацияланған кейіпкерді жасауға мүмкіндік беретін бейне генератор. Бағдарлама бір күнде 5 сурет бейнематериал жасауға мүмкіндік береді. Бейне генераторға e-mail пошта арқылы тіркелу қажет [15]. Генераторда векторлы кейіпкерлерді таңдау арқылы дайын аудионы жүктеп анимацияланған бейнеролик жасауға болады. Бейнероликті жобалау қадамдары келесідей: алдымен, аудионы, одан кейіпкерді таңдап, генерация батырмасын басасыз.

Invideo - тарихи мағлұматтардың немесе ертегілердің мәтіндік желісі бойынша бейнеролик жасауға арналған платформа. Бейнероликті жасау үшін алдымен мәтінді еңгізу қажет. Платформа тілді өзі анықтап, мәтін жазылған тілде бейнеролик жасап береді [16].

Бүгінде оқырмандарға ақпаратты тез әрі тиімді түрде жеткізу маңызды мәселеге айналып отыр. Бұл мәселенің шешімін табу кітапхана саласы мамандары үшін де айтарлық орында. Заманауи үрдістер дамыған сайын кітап саласын жаңа қырынан көрсететін және оқырмандарға ұсынатын бірнеше тиімді бағдарламалар бар. Соның бірі – «Heuzine» атты онлайн түрде кітаптарды парақтауға арналған бағдарлама.

Heuzine - бұл онлайн журналдар, каталогтар, брошюралар, есептер, мейрамхана мәзірлері және кез келген басқа басылымдар жасауға мүмкіндік беретін флипбук (парақталатын кітап) жасау бағдарламасы. Бағдарлама PDF форматында сақталған кітапты флипбукке түрлендіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Heuzine бағдарламасының көмегімен кітапқа түрлі суреттер, бейнематериалдар, аудиолар, логотиптер, сілтемелер немесе веб-кадрлар сияқты мультимедиялық мазмұнды қосуға болады. Бағдарламада онлайн түде бет саны шектеусіз 5 флипбукты тегін

жасауға болады немесе бадарламаны басып алу арқылы шектеусіз әрі тегін онлайн кітаптар жасауға болады [17].

Қорытынды. Ақпаратты заманауи түрде ұсыну әдістері кітапханалардың дамуына ғана емес, олардың қоғамдағы рөлін нығайтуға да ықпал етеді. Цифрлық технологиялар мен инновациялық шешімдер арқылы кітапханалар оқырмандардың қажеттіліктерін жылдам әрі сапалы қанағаттандырып, білімге қолжетімділіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл үрдіс кітапханалардың дәстүрлі қызметін сақтай отырып, жаңа форматта қызмет көрсетуіне жол ашады.



«Сайт және әлеуметтік желілер»

Ақпарат-сервис секторы бөлімінің кітапханашысы

Алмат Индира Еліпбайқызы

Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер! Бүгінгі «Тәжірибелік зерделі» кеңесіміздің тақырыбы «Сайт және әлеуметтік желілер» XXI ғасыр қоғамы – ақпараттық қоғам. Бүгінгі таңда интернет сайттары мен әлеуметтік желілер арқылы байланыс саны артып келеді. Көптеген іс-шаралар интерактивті виртуалды ортасыз, оның үлкен мүмкіндіктерінсіз – өтпейтіні анық.



Кітапханалар Интернеттің телекоммуникациялық кеңістігіне сенімді түрде кірді. Интернет, кітапханалардың әлеуметтік желілері, ақпараттық орта ретінде қажетті ақпаратты алуға ғана емес, сонымен қатар өзіңіз туралы немесе жұмысыңызға байланысты ақпарат беруге мүмкіндік береді. Соның ішінде сайтқа тоқталсам Сайт — бұл бір мекенжайға (домен атымен немесе IP-мекенжаймен) біріктірілген компьютер желісіндегі жеке тұлғаның немесе мекеме ұйымдарының электрондық құжаттар (файлдар) жиынтығы. Жалпы сайт деген ол осыншама дүниежүзін бағындырып жатқан интернет атты желідегі белгілі бір орын. Сол орынға бару үшін адамдар мекен-жайды (доменді) пайдаланады.

Сайтты құру-бұл ақпаратты неғұрлым жоғары функционалдық деңгейлерге жылжыту, кітапхананың оң имиджін қалыптастыруға қатысу, қолда бар зияткерлік өнімдерге және оны ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтерге назар аудару, кітапханаға жаңа мүдделі пайдаланушылардың келуін қамтамасыз ету болып табылады.

Сайттың түрлері көп. Солардың интернетте ең көп тарағаны өзіміздің мекемеде пайдаланып жүрген Ақпараттық сайт. 1 - Ақпараттық сайт. Яғни адамдарды ақпараттармен қамтамасыз етіп отыратын сайт. Көбінесе осындай сайттар жаңалық сайттары болып

табылады. Себебі, біз сайтқа кітапханамызда өткізілген әрбір іс-шарамызды жіберіп отырамыз. Өзімізде кейде іс-шарамызға қатысты іздену барысында, ақпараттармен алмасу барысында өзге сайттарға кіріп ізденеміз, ақпарат алмасамыз.

Кітапханамыздың ресми сайты бар <https://arkalyk-ounb2.kz/ru/>

Сайт–күн сайын біздің кітапханада онлайн, офлайн форматта өткізілген барлық іс-шараларды қамтиды.

Кітапхана сайттарында дәстүрлі жиынтық тетікшелер бар. Әр тетікше өзіне қатысты ақпараттарды қамтиды.Ең алдымен, бұл Басты бет ол, келушілерді қарсы алуға қызмет етеді, сайт туралы Кіріспе ақпарат береді, пайдаланушыны басқа беттеріне бағыттайды. 1.Біз туралы – бұл жерде аты айтып тұрғандай өзіміздің кітапхана туралы ақпараттар және кітапханамыздың негізгі мақсаттары мен бағыттары, міндеттері, жұмыс уақыты көрсетілген. 2. Жаңалықтар – Мұнда күнделікті өткізілген онлайн, офлайн форматтағы іс-шараларымыз, жұмыстарымыз бар. 3. Ресурстар – бұл жерде Жаңадан түскен кітаптар; Басылымдар; Баспасөз басылымдары; Виртуалдвы көрмелер бар; 4. Балалар бөлімі – Балалар бөлімінде өткізілген іс-шаралар бар; 5. Кәсіпқойларға – бұл жерде Әдістеме библиография бөлімінің әр жылға арналған Арқалаық қаласының атаулы күндер күнтізбелері, кеңестер, Рабис бағдарламасы бойынша нұсқаулар бар; 6. Байланыстар – Кітапханамыздың мекен-жайы, тел ном мен эл.адресіміз бар; 7. Экран дикторы – бұл биыл қосылған тетікше. Мұнда Көру қаблеті нашар адамдарға арналған Экранды оқу жүйесі.

Сайт пен әлеуметтік желілерге іс шара жүктеу барысында айтып өтетін бір ерекшелік, кейде жүктеліп, сілтемесін алып қойған іс-шара мәтінінде немесе видео фотода немесе тақырыбында қате бар екен деп келесіздер, сондай жағдайда біз тек қана осы б интернет желісінен өзгерте аламыз, а л сайтқа жіберілген іс-шараны біз өзіміз өзгерте алмаймыз, себебі сайтпен жұмыс істейтін, қызмет көрсететін бізде белгілі бір организация бар, біз тек солардың почтасына хат жолдап қасына фидео, фотоны қосып жібереміз. Ары қарай олар өздері жүктейді, содан кеін почтамызға хат жібереді, жүктелінді,көрулеріңізге болады деген. Сайттан тек қана егер үлкеен қате кеткен жағдайда ғана біз үсіндірме хатын жолдау арқылы өтінім жібереміз. Бірақта, ондай қателіктің болмағаны дұрыс, себебі қайта қайта түсіндірме хатын жолдай берсек, ол біздің сайтқа, мекемемізге үлкен сын және сайтпен ары қарай жұмыс жасауымызға кедергісін келтіреді. Сол себепті сіздерден үлкен өтініш, іс-шара берер алдында мұқият болсаңыздар екен себебі өшіріп,

қайта жүктеу де уақытты алады, әсіресе интернет істемей қалған жағдайда уақытты алады.

Қорыта айтқанда, кітапхана сайты- әлеуметтік желілерді тиімді пайдалану, кітапхананы виртуалды кеңістікте сауатты және тиімді көрсетуге мүмкіндік беретін таптырмас құралы болып табылады.

Әлеуметтік желілер туралы

Әлеуметтік желілерге тоқталатын болсақ, Ақпарат, ғылым, үкімет, нарық та ғаламторға телміріп отыр. Ал енді адамдар арасындағы қарым-қатынасты да ғаламтор шешеді. Қазірдің өзінде әлем халқының тең жартысы бетпе-бет тілдесуден гөрі, интернет арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желілерде «әңгімелеседі». Әлеуметтік желі – адамдардың бір-бірімен ғаламтор арқылы өзара байланысын қамтамасыз ететін ғаламтор ресурсы.

Бүгінде кітапханалар пайдаланушыларды ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін белсенді қолдана бастады.

Біздің мекемеде 6 әлеуметтік желіміз бар. Олар:

Вка, Инстаграмм, Фейсбук, Тик-Ток, Одноклассники, Ютуб және Телеграмм

Біз осы аталған желілердің алтауына бірдей өткізілген әрбір іс-шарамызды жүктеп, сілтемесін алып отырамыз. Ал Телеграммды біз көбінесе ватсап сияқты фото видео жіберу үшін пайдаланамыз, себебі ол арқылы жүктелген видео фотолардың сапасы өзгермей сол қалпында келеді. Осы желілердің ішінде ең жоғары әрі жылдам қаралым жинайтын желілер – ТикТОК, Инстаграмм, Фейсбук. Әлеуметтік желілер бір-бірінен аудитория құрамы мен қаралым саны арқылы ерекшеленеді.

"Facebook" (Facebook) – әлемдегі ең ірі әлеуметтік желі.

Instagram — фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға сүзгі қолдануға, сонымен қатар, оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар

«ТикТок» (ағылш. TikTok) — қытайлық әлеуметтік желі болып, ол қысқа музыкалық бейнелерді, тікелей эфирді жасауға және түрлі хабарлармен алмасуға мүмкіндік беретін әлеуметтік желі. 2018 жылдың жазында іске қосылды. Қазіргі кезде барлық елдерде танымал, ең жылдам дамып келе жатқан және ең көп жүктелген әлеуметтік желілердің^{[4][5]} бірі. Қазіргі уақытта


әлеуметтік желіні әлемнің 150 елінен^[6] 500 миллионнан астам қолданушы қолданады. Желінің негізгі аудиториясы ретінде жасөспірімдер^[7] саналады.

"Facebook" (Facebook) – әлемдегі ең ірі әлеуметтік желі. Кітапхана парақшасының Мекен жайы Фейсбуктегі Арқалық Әмбебап Ғылыми Кітапханасы <https://www.facebook.com/profile.php?id=100028660081304>, онда біз ізбасарларымызбен әртүрлі ақпаратпен, жаңалықтармен, жазбалармен бөлісеміз. Біздің Facebook парақшамыздағы жазылушылар саны 1200-ден астам жазылушыны құрайды.

Instagram — фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Оның көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға сүзгі қолдануға, сонымен қатар, оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар







Шығ. Жауапты:... С.А. Алматова
Құратырушы:...Ж.К. Абжанова
Редакторы:...С.А. Алматова

Қаріп түрі Time New Roman
Басылымның түрі 0,3
Таралымы 3

**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел, (факс) 7-09-16
E – mail: arkounb@mail. ru**